



Зейнетақы активтері бойынша инвестициялық қызметке шолу

ҚАЗАҚСТАН
ҚАРЖЫГЕРЛЕР
ҚАУЫМДАСТЫҒЫ



АССОЦИАЦИЯ
ФИНАНСИСТОВ
КАЗАХСТАНА

2026 жылғы 1 маусымға


Негізгі үрдістер:

- 2026 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша зейнетақы жинақтарының көлемі Т27,7 трлн жетіп, жыл басынан бері Т1,4 трлнға немесе 5,4%-ға ұлғайды. Осу қарқыны бір жыл бұрынғы көрсеткіштен (2025 жылғы ұқсас кезеңде +1,7%) едәуір жоғары қалыптасты. Бұл жұмыспен қамтудың артуы нәтижесінде зейнетақы жарналарының өсуі (+5,8%), атаулы жалақының көбеюі, сондай-ақ борыштық қаржы құралдары бойынша пайыздық кірістер мен қор нарықтарындағы оң динамика есебінен қолдау тапқан инвестициялық кірістің (+4,9%) артуы ықпал етті.
- Сонымен қатар, теңгенің нығаюы (2026 жылғы алғашқы 5 айда 3,8%) валюталық қайта бағалаудың теріс әсеріне әкеліп, жалпы қаржылық нәтижені ішінара төмендетті.
- Соған қарамастан, инвестициялық кіріс зейнетақы жинақтарын қалыптастыруда шешуші рөлін сақтап, олардың жиынтық көлемінің 40%-дан астамын қамтамасыз етіп отыр.
- Жалпы инвестициялық портфельдің құрылымы негізінен консервативті сипатта қалып отыр: активтердің 61%-ы МБҚ-ға орналастырылған, 22%-ы сыртқы басқаруға берілген, ал қаржы құралдарының 96%-дан астамы инвестициялық кредиттік рейтингке ие (төменде қараңыз). Бұл инвестициялық тәуекелдерді төмендетуге ықпал еткенімен, ұзақ мерзімді кірістілік әлеуетін бір мезгілде шектейді.
- Ағымдағы жылы нақты мәндегі оң кірістілікті барлық жеке басқарушы компаниялар көрсетіп отыр (төменде қараңыз), ал ҚРҰБ басқаруындағы портфельдің кірістілігі (жыл басынан бері +3,03%) инфляция деңгейінен (2026 жылғы алғашқы 5 айда 4,3%) төмен қалыптасты.


- Зейнетақы активтерін жеке басқару институты біртіндеп дамуын жалғастырып келеді, алайда оның жүйедегі рөлі әлі де шектеулі болып қалып отыр. Инвестициялық портфельді басқарушылардың (ИПБ) басқаруындағы активтердің жиынтық көлемі Т110 млрд-қа жетті (+24,2%), алайда олардың үлесі бұрынғысынан зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің небәрі 0,4%-ын ғана құрайды. Зейнетақы активтерінің 99,6%-ы бұрынғысынан ҚРҰБ басқаруында қалып отыр. Бұл зейнетақы активтерін басқару жүйесіндегі жоғары шоғырланудың сақталып отырғанын және жеке басқарушы компаниялардың рөлінің жеткіліксіз екенін көрсетеді.
- Салымшылардың өз зейнетақы жинақтарын басқару мүмкіндіктерінің кеңеюі (стратегияны таңдау, жинақтардың 100%-ын ИПБ-ға аудару) бәсекелестіктің күшеюіне алғышарттар қалыптастырады, тәуекел деңгейі мен әлеуетті кірістілігі әртүрлі инвестициялық стратегияларды таңдау мүмкіндігін кеңейтеді. Сондай-ақ, сенімгерлік басқару нарығының одан әрі дамуына ықпал етеді.
- Біржолғы зейнетақы төлемдері (БЗТ) тетігін бірнеше жыл бойы белсенді пайдаланғаннан кейін зейнетақы саясаты біртіндеп жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз етуге көшуде.
- 2026 жылғы қаңтар-мамыр айларында тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуге арналған төлемдер Т308 млрд-ты құрады, ал түскен зейнетақы жарналарының көлемі шамамен Т1,5 трлн-ға жетті, бұл зейнетақы активтерінің одан әрі өсуіне және жүйенің инвестициялық әлеуетінің күшеюіне ықпал етеді.
- Ынтымақты зейнетақының үлесі табиғи түрде азайған сайын, зейнетақы төлемдерінің негізгі көзі ретіндегі жинақтаушы құрамдас бөліктің рөлі күшейе түсіп, зейнетақы жарналарының тұрақты аударылуы мен зейнетақы активтерін басқару тиімділігінің маңызын арттырады.

БЖЗҚ активтері және инвестициялық кірістілік*

БЖЗҚ активтерінің ЖІӨ-ге қатынасы




Жарналар және инвестициялық кірістер




Белсенді салымшылардың құрылымы, зейнетақы жарналары және төлемдер*

Белсенді салымшылар



Зейнетақы ағындары




* Деректер көзі: БЖЗҚ


© Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы, 2026

Тағайындау түрі бойынша зейнетақы төлемдері*

Жекелеген зейнетақы төлемдері




Зейнетақы төлемдеріндегі БЗТ үлесі (тұрғын үй және емдеу)




Зейнетақы активтерін басқару

ҚРҰБ және ИПБ активтерінің портфелі




ИПБ басқаруындағы активтер




Портфельдердің орташа алынған кірістілігі

ИПБ және ҚРҰБ кірістілігі



ИПБ бойынша кірістілік (шартты зейнетақы бірліктерінде)**




* Деректер көзі: БЖЗҚ


** Tansar Capital 2026 жылдың 1 мамырынан бастап басқаруды бастады, сол себепті кестеге енгізілмеген

Зейнетақы активтері портфелінің құрылымы*

Инвестициялық құралдар бөлінісіндегі портфельдердің құрылымы




Валюта құрылымы




Зейнетақы активтері портфелінің құрылымы және болжамды нәтижелері*

Елдер бойынша портфельдердің құрылымы



Кредиттік сапа бойынша портфельдердің құрылымы



* Деректер көзі: БЖЗҚ

** Халықаралық қаржы ұйымдары

© Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы, 2026

Резюме

Зейнетақы жинақтарының ЖІӨ-нің 14,5%-на жетіп, тұрақты өскеніне қарамастан, жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ауқымы әзірге зейнетақы жүйелері неғұрлым дамыған елдерден айтарлықтай төмен. Салыстыру үшін, мұндай елдерде зейнетақы активтерінің көлемі, әдетте, ЖІӨ-нің 100%-ынан асады, мысалы, Дания, Исландия, Швейцария, Канада, Нидерланд пен Австралияда ЖІӨ-нің 135–206%-ына жетеді.

Осы жағдай аясында Қазақстан үшін стратегиялық басымдық ретінде зейнетақы жинақтарын пайдалану бағыттарын одан әрі кеңейту емес, олардың көлемін одан әрі ұлғайтуға жағдай жасау болып қалуы тиіс.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі үшін басты сын-қатер қалыптасып жатқан зейнетақы жинақтарының жеткіліксіздігі болып қала береді. Бүгінгі таңда тұрақты зейнетақы жарналарын (жыл сайын 9–12 ай бойы) тек 4,7 миллион адам немесе елдегі жұмыс күшінің жартысынан азы ғана төлейді.

Бұл халықтың едәуір бөлігі үшін негізгі мәселе зейнетақы жинақтарын пайдалану мүмкіндігі емес, зейнеткерлікке шығу сәтіндегі олардың көлемінің жеткіліксіздігі болып қала беретінін көрсетеді.

Сондықтан, зейнетақы жүйесін одан әрі дамыту ең алдымен халықты тұрақты зейнетақы жарналарымен қамтуды кеңейтуге, ресми жұмыспен қамту деңгейін арттыруға, еңбек өнімділігі мен халық табысының өсуін қамтамасыз етуге, сондай-ақ зейнетақы активтерінің тұрақты нақты кірістілігін қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс.

Зейнетақы саясатының болжамдылығы және азаматтардың жинақтаушы жүйеге деген сенімін сақтау маңызды шарттар болып қала береді. Дәл осы міндеттерді кешенді түрде шешу зейнетақы жүйесінің ұзақ мерзімді тұрақтылығын, зейнетақы жинақтарының жеткіліктілігін және болашақ ұрпақтың зейнетақымен қамсыздандырылу деңгейін көп жағдайда айқындайды.